

Объясняется это тем, что в конце пастбищного периода естественный травостой на проектной территории практически заканчивают свой рост и развитие и растения начинают засыхать и происходит огрубление.

Таким образом оценка кормовой ценности пастбищ на основе химического состава и питательности не обеспечивает однозначный показатель, ввиду сезонной динамики роста и развития растений и зависимости от различных агроклиматических условий произрастания. В этой связи, оценка кормовой ценности пастбищных угодий должно основываться на комплексе оценочных показателей, а именно должно включать исследования состояния травостоя (проективное покрытие, рост и развитие, наличие заболеваний и вредителей), состояния плодородия почв (содержание питательных веществ, наличие признаков эрозии и деградации), влагообеспеченность, и другие наиболее важные показатели.

Представленные материалы исследования публикуются в рамках реализации бюджетной программы 267 «Повышение доступности знаний и научных исследований» на 2018-2020 «Создание высокопродуктивных пастбищных угодий в условиях Северного и Западного Казахстана и их рациональное использование».

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Бекмухамедов Э.Л., Бекмухамедова Н.З. Справочная книга луговода (справочник специалиста). - Алма-Ата: Кайнар, 1988. – 288 с.
2. Веселовский В.Ф., Измайлов Г.Ф. Продуктивность аридных пастбищ. - Алма-Ата: Кайнар, 1983. - 128 с.
3. Бекмухамедов З.Л, Тореханов А.А. Кормовые растения Казахстана. Алматы: Бастау, 2005. - 304 с.

### ТҮЙІН

Химиялық құрамы мен қоректілігі негізінде жайылымдардың азықтық құндылығын бағалау маусымдық динамикаға және өсімдіктердің өсуі мен дамуының өсіп-өнудің әртүрлі агроклиматтық жағдайларына тәуелділігіне байланысты объективті және тұрақты болып табылмайды. Осыған байланысты, жайылымдық алқаптардың азықтық құндылығын бағалау бағалаушылық көрсеткіштерінің кешеніне негізделуі тиіс, атап айтқанда шөптің жағдайы (жобалық жабынды, өсуі мен дамуы, аурулар мен зиянкестердің болуы), топырақ құнарлылығының жағдайы (қоректік заттардың болуы, эрозия мен тозу белгілерінің болуы), ылғалмен қамтамасыз етілуі және басқа да аса маңызды көрсеткіштерді қамтуы тиіс.

### RESUME

Pasture value assessment on the chemical composition and nutrition basis is not objective and sustainable, due to the seasonal dynamics and the dependence of plant growth and development on various agroclimatic growing conditions. In this regard, the assessment of should be based on a set of assessment indicators, namely it should include the stand state (projective cover, growth and development, presence of diseases and pests), soil fertility (nutrient content, signs of erosion and degradation ), moisture availability, and other most important indicators.

ӘОЖ 636.22/28(574)

**Алматова Г.С.**, магистрант

**Бөпебаева Л.К.**, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға оқытушысы

КЕАҚ «Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті», Алматы қ., Қазақстан Республикасы

### **САНТА - ГЕРТРУДА ТҰҚЫМЫНЫҢ МАЛДАРЫН ШАРУАШЫЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША ЗООТЕХНИКАЛЫҚ БАҒАЛАУ**

#### **Аннотация**

Ауыл шаруашылығы малдарын өсірумен негізінен тамақ өнімдерін және өндеу өнеркәсібіне шикізат алу үшін айналысады. Малдар өзінің жоғары өнімділігімен ерекшеленіп

және төменгі шығынмен жоғары сапалы өнім беруі үшін, олардың өнімділігі мен өнім сапасына әсер ететін факторларды білуі қажет, сондай-ақ, өнімділік есебін дұрыс ұйымдастыра білу және малдарға шынайы бағалау жүргізу керек. Шаруашылық пайдалы белгілер, соның ішінде мал өнімділігінің табиғаты күрделі; олар әр түрлі себептердің әсерінен елеулі өзгерістер ұшырайды. Мал өнімділігі мен мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы малдардың генетикалық ерекшеліктеріне, жынысына, жасына, организмнің физиологиялық жай-күйіне, сондай-ақ қоршаған ортаның жағдайына тәуелді.

Белгілі бір малдың өнімділігі туралы біраз жақын пайымдауды оны сыртқы тексеру негізінде білуге болады. Бірақ нақты өнімділік сапаларын, әсіресе оның сүттілігін, тез жетілгіштігін, еттілік қасиетін малдың сырт пішіні арқылы бағалау мүмкін емес. Осыдан, малдарды шынайы бағалаудың және олардың өнімділігін есепке алудың маңыздылығы зор.

Сонымен қатар, жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде алынған деректерге сүйене отырып туым ретіне қарай сиырларының сүт өнімділігін салыстыруды жөн көрдік.

Санта-гертруда тұқымының «Жетісу» аймақтық типі етті аймақтық тұқымға жатады. Осы себептен де Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы қиын табиғи-климаттық жағдайларда санта-гертруда тұқымының малдары жақсы өсуде.

*Түйін сөздер: зоотехния, етті бағыттағы сиыр, санта-гертруда, тұқым, табын.*

**Кіріспе.** Қазіргі әлемдегі азық-түлік өндірісі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Осы олқылықтарды шешуде мал шаруашылығы негізгі рөл атқарады, өйткені елдің азық-түлік ресурстарын ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

Ет ресурстарын арттырудың маңызды резерві, Қазақстанның әр түрлі аумағындағы белгілі бір табиғи-климаттық жағдайға бейімделген, мамандандырылған етті мал шаруашылығын дамыту болып табылады. Мамандандырылған етті тұқымның малдары жоғары ет өнімділігімен және етінің сапасымен, тез жетілуімен, жем-шөп шығынын өнімдерімен жақсы төлеуімен ерекшеленеді. Бұл сала, жерді экстенсивті пайдаланушы өңірлерде ет өнімдерін өндіруді тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін, аз шығынды болып келеді, мысалы, сүтті мал шаруашылығын дамыту, капиталдың шектелуіне, жемшөп жағдайларына, сүт өнімдерін өткізу нарықтарының қашықтықта орналасуына байланысты тежелетін аймақтарда [1].

Біз зерттеу тәжірибесін жүргізген «Жақсылық» шаруа қожалығы орналасқан Алматы облысының Балқаш ауданы осындай табиғи-климаттық, экономикалық аумаққа жатады.

Жергілікті малды санта-гертруда тұқымының бұқаларымен ұдайы өндірісті шағылыстыру негізінде шығарылған жаңа «Жетісу» аймақтық типті осы жағдайларда өзін жақсы көрсетті [2].

Ауыл шаруашылығы малдарын өсірумен негізінен тамақ өнімдерін және өңдеу өнеркәсібіне шикізат алу үшін айналысады. Малдар өзінің жоғары өнімділігімен ерекшеленіп және минимум шығынмен жоғары сапалы өнім беруі үшін, олардың өнімділігі мен өнім сапасына әсер ететін факторларды білуі қажет, сондай-ақ, өнімділік есебін дұрыс ұйымдастыра білу және малдарға тиісті бағалау жүргізу керек. Шаруашылыққа пайдалы белгілер, соның ішінде мал өнімділігінің табиғаты күрделі, олар әр түрлі себептердің әсерінен елеулі өзгерістерге ұшырайды. Мал өнімділігі мен мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы малдардың генетикалық ерекшеліктеріне (белгілі бір тұқым, зауыттық ізге немесе аналық отбасына жататындығы, жеке тұқым қуалайтын ерекшеліктері және т. б.), жынысына, жасына, организмнің физиологиялық жай-күйіне, сондай-ақ қоршаған ортаның жағдайына (азықтандыру сипатына, күтуіне, ұстауы және пайдалануына) тәуелді.

Белгілі бір малдың өнімділігі туралы біраз жақын пайымдауды оны сыртқы тексеру негізінде білуге болады. [3].

Ауыл шаруашылығы малдары әр түрлі шаруашылыққа пайдалы белгілерге ие. Іріктеу белгілері қарапайым және күрделі болып бөлінеді. Қарапайым белгілерінің тұқым қуалаушылығы (түсі, қан тобы және т. б.) Менделевтің моногибридті ажырау сызбасына дәл келеді. Олармен жұмыс істеу оңай. Күрделі белгілерге, полимерлі немесе аддитивті түзетудің тұқым қуалаушылығымен ерекшеленетін, бірнеше қарапайым белгілерден құралатындар жатады. Сонымен қатар, белгілері басты және қосалқы болып бөлінеді. Малдарды іріктеу жүргізудегі негізгі белгілерінің қатарына мыналар кіреді: өнімділігі (өндіргіштігі);

конституция, экстерьер және интерьер; жеке даму сипаты (тез жетілгіштігі, ұзақ өмір сүруі және т. б.); өмір жағдайларына бейімділігі; асыл тұқымдық құндылығы, яғни ұрпақтарына тұқым қуалаушылық арқылы өзінің құнды қасиеттерін беру қабілеті. Малдың асыл тұқымдық құндылығының кешені бойынша негізгі белгілерін анықтау үшін оны ұрпақтарының сапасы бойынша бағалау жүргізіледі. Табынның немесе тұқымның асыл тұқымдық жұмысының әр түрлі кезеңдерінде жекелеген белгілердің рөлі мен басымдылығы малдардың сапалық көрсеткіштері мен оларды әрі қарай жетілдіру міндеттеріне қарай өзгертілуі мүмкін. Бастылардан басқа, қосалқы белгілері бар: түсі, мүйіздерінің пішіні мен өлшемдері, құрылысының ерекшеліктері мен құйрығының формасы. Іріктеу кезінде белгілердің жалпы кешені бойынша табынға немесе тұқымға кез келген белгілері мен ерекшеліктерін, оның ішінде қосалқыларын да жасауға, күшейтуге және бекітуге болады. Бірақ қосалқы белгілері бойынша іріктеу кезінде басты белгілерге зиян келтірмей жүргізу керек. Әрбір мал өмір бойы бірнеше зоотехникалық бағалаудан өтеді, олардың негізінде малды өсіру мақсаты мен орны өзгеруі мүмкін [4].

Етті тұқымдардың биологиялық және шаруашылыққа пайдалы негізгі қасиеттері бойынша ерекшеліктерін үш негізгі топтарға бөлуге болады: етті тезжетілгіш, етті биік (великорослые) және етті аймақтық. *Етті тезжетілгіш тұқымдар*. Етті бағыттағы мал тұқымдарының бұл тобы қалыптасуының тезжетілгіштігімен, онтогенетикалық даму сатыларын жедел өтуімен, ет үшін қарқынды өсіру және бордақылау кезінде ерте жетілу қабілетімен сипатталады. *Етті биік (великорослые) тұқымдар*. Етті бағыттағы тұқымдардың бұл тобы үлкен денесінің тезжетілгіштігімен сипатталады, бұл, қарқынды өсуімен, ерте жасында жоғары тірі салмаққа жетуімен көрінетін. *Етті аймақтық тұқымдар*. Бұл топқа, ең алдымен, белгілі бір аймақтық шарттарға бейімделгендігі үшін бағаланатын тұқымдар кіреді. Шұғыл континенталды климат үшін – бұл, азықтандыруда үнемі маусымдық ауытқулар болатын, ашық аспан астында жайылымдарда жыл бойы ұсталатын, көшпелі шаруашылықтар жағдайында қалыптасқан тұқымдар. Аймақтық тұқымдарға ыстық климатқа, бейімделген қандық-паразиттік ауруларға тұрақты мал тұқымдары жатады. Олардың негізгі ерекшелігі – басқа мал тұқымдарының өнімділігі төмендеп, нашар көбейіп, азғындайтын аймақтарда өсуі [5].

**Зерттеу материалдары мен әдістемесі.** Біздің зерттеу тәжірибеміз жүргізілген «Жақсылық» шаруа қожалығы 2006 жыл құрылған. Шаруашылықта Санта-гертруда тұқымының «Жетісу» аймақтық типімен қатар жергілікті асылтұқымды «Қазақтың ақбас» және «Әулиекөл» тұқымдары және қазақтың асылтұқымды «Жабы» жылқысын өсірілуде. Ауылшаруашылығын өркендету, ет өндіруді өнеркәсіптік жолға қою мақсатында 1500 басқа арналған мал бордақылау кешені және мал сою цехы жұмыс жасауда.

Санта-гертруда тұқымының малдарын шаруашылыққа пайдалы негізгі белгілері бойынша зоотехникалық бағалау үшін, алдымен, жоспар бойынша кешенді бағалау жүргіздік.

Өз зерттеуіміздің нақтылық дәрежесі жоғары болуы үшін асыл тұқымдық құндылығын бағалау мақсатында шаруашылықтағы барлық малдарды пайдалануды жөн көргенімізбен, етті бағыттағы мүйізді ірі қара малын индекстік бағалау әдістемесіне сәйкес анық деректермен жұмыс жасау үшін шаруашылықтағы барлық малдардың ақпараттық-аналитикалық жүйедегі (ААЖ) тіркелген тізімін алып, ол жерден «сүзгі» арқылы «анасы» және «әкесі» туралы мәлімет жоқ малдарды алып тастадық.

**Зерттеу нәтижелері және талдау.** Малдардың асыл тұқымдық құндылығын бағалау жұмыстары үшін алғышарт болып табылатын жұмыстардың бірі малдардың инвентарлық нөмірлерін тексеру, нақтылау, қайта қалпына келтіру. Себебі, селекциялық-асылтұқымдық жұмыстарды дұрыс әрі шынайы жүргізу үшін малдардың санағы, инвентарлық нөмірлері алмаспай, жоғалмай, әр малдың өз нөмірі өз құлағында тұруы өте маңызды. Кері жағдайда қай малдың анасы кім, әкесі кім, баласы кім деген сұрақтар туындап, осыған дейін тіркеліп келген өлшемдерінің және өнімділігінің көрсеткіштері бекер жасалған болып шығады да, болашақта бұл малды селекциялық жұмыстарда қолдану қиынға соғады. Сондықтан, тәжірибеге таңдалған малдардың сырғалары бар-жоқтығы тексеріліп, жоқтарының нөмірлері қалпына келтірілді (1 кесте).

1 кесте – Малдарды жастық-жыныстық топтарға және тұқымдылығы бойынша бөлу

Мал топтары	Есептік кезеңге мал басының саны, бас	Оның ішінде тіркелгені, бас	Соның ішінде тұқымдылығы бойынша, бас				
			таза тұқымды	будандар			
				1	2	3	4
Барлығы	2020	2020	2020				
соның ішінде:							
Өндіруші-бұқалар	26	26	26				
18 айдан үлкен табынды жақсартушы бұқашықтар	121	121	121				
12 айдан 18 айға дейінгі бұқашықтар	475	475	475				
Сиырлар	393	393	393				
18 айдан үлкен ұрғашы бұзаулар және құнажындар	192	192	192				
12 айдан 18 айға дейінгі ұрғашы бұзаулар	422	422	422				
6 айдан 12 айға дейінгі бұқашықтар	291	291	291				
6 айдан 12 айға дейінгі ұрғашы бұзаулар	100	100	100				
6 айға дейінгі жас төл	-	-	-				

1 кестеде көріп отырғанымыздай, іріктеу нәтижесінде, малдардың асыл тұқымдық құндылығын бағалау және етті бағыттағы мүйізді ірі қара малын кешенді бағалау жұмыстары үшін «Жақсылық» шаруа қожалығында барлығы 2020 бас мал іріктеліп алынды. Оның ішінде 26 өндіруші-бұқалар, 393 бас сиыр, бұқашықтардың саны 887 бас болса (6 айдан 12 айға дейінгі бұқашықтар – 291 бас, 12 айдан үлкендері – 475 бас, табынды жақсартушы бұқашықтар – 121 бас), ұрғашы жас төл саны 714 басты (6 айдан 12 айға дейінгі ұрғашы бұзаулар – 100 бас, 12 айдан 18 айға дейінгілер – 422 бас, 18 айдан үлкен және құнажын – 192 бас) құрады.

2016 жылғы өзгертулер бойынша етті бағыттағы мүйізді ірі қара малын кешенді бағалау нұсқаулығының жиынтық ведомостінде малдар класс бойынша бөлуінбейді. Сондай-ақ, жасалған жұмыстың қорытындысы ретінде талдау да жасалмайды. Сондықтан, жасалған жұмыстың қорытындысы ретінде толық талдау жасау мақсатында классикалық нұсқаулық бойыншы бағалау жасауды жөн көрдік. Ол үшін, етті бағыттағы мүйізді ірі қара малдардың асыл тұқымдық құндылығы мен олардың тағайындау мақсатын анықтау үшін, шаруашылықтың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, жыл сайын 6 айлық жасқа дейінгі төлдерден, өгіздер және піштірілген малдардан басқа бүкіл табынды бағалау жүргізіледі.

2 кестеден көрсетілгендей, элита-рекорд класымен 310 бас, элита класымен 706 және 1 класспен 942 бас мал бағаланды.

Үшінші туым сиырлардың орташа тірілей салмағы – 452,8 кг (элита классы), төртінші туым және одан үлкендерінікі – 482,1 кг (1 класс) құрады. Малдардың қондылығы орташа. Жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде алынған деректерге сүйене отырып туым ретіне қарай сиырларының сүт өнімділігін салыстыруды жөн көрдік. Бұл салыстыруға түрткі болған осыған дейін жүргізілген әртүрлі тәжірибелердің нәтижелері. Мысалы, Балқаш тәжірибелік станциясында (Б.А.Багрий, 1991 ж.) жүргізілген тәжірибенің нәтижесінде бірдей жағдайда ұсталған сиырлардың сүт өнімділігі әртүрлі болған, малдың жасына қарай ол әртүрлі дәрежеде өзгерген, сонымен қатар туымына қарай сауын тұрақтылығы да түрліше болған. Сүт өнімділігі үшінші туымға дейін өсіп, негізінен тұрақты ұсталып немесе болмашы ғана төмендеп, бесінші-алтыншы туымнан кейін азайған сиырлар байқалған [6]. Бірінші және екінші туым сиырлары біздің тәжірибеде қолданылған жоқ.

2 кесте – Кешенді бағалаудан өткен малдарды класстарға бөлу

Мал топтары	Кешенді бағалаудан өткен мал басы, бас	соның ішінде бөлінгендер							Классқа бөлінбегендер
		тұқымдылығы, бас		класстары, бас					
		таза тұқымды	будандар	элита-рекорд	элита	1	2	к/ж	
Барлығы	2020	2020	-	310	706	942	62	-	X
соның ішінде:									
Өндіруші-бұқалар	26	26	-	5	21	-	-	-	-
18 айдан үлкен табынды жақсартушы бұқашықтар	121	121	-	36	85	-	-	-	-
12 айдан 18 айға дейінгі бұқашықтар	475	475	-	63	148	245	19	-	-
Сиырлар	393	393	-	52	129	196	16	-	-
18 айдан үлкен ұрғашы бұзаулар және қашарлар	192	192	-	27	53	102	10	-	-
12 айдан 18 айға дейінгі ұрғашы бұзаулар	422	422	-	59	123	223	17	-	-
6 айдан 12 айға дейінгі бұқашықтар	291	291		53	102	136	-	-	-
6 айдан 12 айға дейінгі ұрғашы бұзаулар	100	100		15	45	40	-	-	-
6 айға дейінгі жас төл	X	X	X	X	X	X	X	X	X

3 кестеге қарап туым ретіне қарай сиырларды сүттілік көрсеткіштерінің біркелкі өсімі немесе төмендеуі анықталмады. Бұл өзгергіштікті, сиырлардың алғашқы қашқан кезіндегі денсаулығынан бастап әртүрлі факторлармен байланыстыруға болады. Өйтсе де, бұл мәліметтерге сүйене отырып V-VI туым сиырларынан жақсы сападағы төл алуға болатынын айта аламыз.

3 кесте – Туым ретіне қарай сиырлардың сүттілік көрсеткіші

	III туым	IV туым	V туым	VI туым	Жалпы	
n, саны	218	61	74	38	391	
Бұқашық	n, саны	158	45	61	291	
	орташа салмағы	170,2	168,4	169,7	171,3	169,9
Тайынша	n, саны	60	16	13	11	100
	орташа салмағы	158,4	156,2	157,5	162,5	158,5

**Қорытынды.** Сонымен жүргізілген зерттеулер нәтижелерге талдау жасасақ, таңдап алынған мал басының жалпы санының 15,3 % элита-рекорд класымен, 34,9 % элита класымен ал 1 класспен 46,6 % бағаланды. III туым ғана емес, одан кейінгі туым сиырларынан да жақсы сападағы төл алуға болатыны анықталды.

Модель 06024, Қойбын 1421, Кортик 21 генеалогиялық топтарындағы өнімділігі жоғары бұқаларды пайдалану бойынша жұмыстарды реттеу қажет. Бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша бағалау және бұқаларды ұрпағының сапасы бойынша бағалау жұмыстарын жалғастыру керек.

Жалпы, «Жақсылық» ШҚ табындарының жағдайы жақсы деп бағаланды.

Барлық санитарлық-профилактикалық жұмыстар уақытылы жасалған.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбеков А.Б., Назарбеков Б.К. Оценка маточного поголовья зонального типа «Жетісу» по продуктивным качествам // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – Алматы. – 2013. – №1. – С.50-52.
2. Назарбеков А.Б., Назарбеков Б.К. Продуктивные качества помясных бычков зонального типа «Жетісу» // Животноводство и кормопроизводство: теория, практика и инновация: матер. междунар. науч.-практ.й онф. – Том 1. – Алматы, 2013. – С. 75-77.
3. Борисенко Е.Я. Разведение сельскохозяйственных животных. – М.: Учебники и учебные пособия для высших сельскохозяйственных учебных заведений, 1967. - С.224.
4. Луценко А.Е., Черногорцева Т.Г., Бодрова С.В., Бабкова Н.М. Разведение сельскохозяйственных животных // Электронный учебно-методический комплекс. - Модуль 5.
5. Ланина А.В. Мясное скотоводство. - М.: Колос, 1973. – С. 141-142.
6. Багрий Б.А. Разведение и селекция мясного скота. - М.: ВО «Агропромиздат», 1991. - С.83-85.

### РЕЗЮМЕ

В статье приводятся результаты исследования по зоотехнической оценке основных хозяйственно-полезных признаков скота породы санта-гертруда в условиях КХ «Жаксылык». В результате сортировки отобрано 2020 голов крупного рогатого скота для оценки племенной ценности и проведения комплексной оценки. В том числе 26 быков-производителей, 393 коров, 887 бычков, и 714 телок разных возрастов. Из них, классом элита-рекорд оценено 310 голов, элита – 706 и 1 классом 942 головы.

Так как, в измененной инструкции по бонитировке (оценке) племенной ценности и воспроизводству животных, утвержденной в 2016 году, в сводной ведомости животные не распределяются по классам. Также, итоги проделанной работы не анализируется. Поэтому, в целях того, что нужен полный анализ проделанной работы в виде заключения, мы решили провести оценку племенной ценности по классической инструкции. Для этого, в целях определения племенной ценности и назначения животных мясных пород крупного рогатого скота независимо от организационно-правовой формы хозяйства ежегодно проводят бонитировку всего стада, кроме молодняка до 6 месячного возраста, животных на откорме, волов и кастратов. Сопоставляя данные, полученные в результате проведенных экспериментальных работ, решили оценить молочную продуктивность коров.

### RESUME

The article presents the results of a study on zootechnical assessment of the main economically useful traits of cattle breed Santa Gertrude in the conditions of the farm «Zhaksylyk». As a result of sorting, 2020 cattle were selected to assess breeding value and conduct a comprehensive assessment. Including 26 manufacturing bulls, 393 cows, 887 bulls, and 714 heifers of different ages. Of these, 310 goals were rated by the elite-record class, 706 by the elite and 942 by the 1st class.

Since, in the amended instructions for appraisal (assessment) of breeding value and reproduction of animals, approved in 2016, animals are not divided into classes in the consolidated statement. Also, the results of the work done are not analyzed. Therefore, in order to need a complete analysis of the work done in the form of a conclusion, we decided to assess the breeding value according to the classical instructions. To do this, in order to determine the breeding value and purpose of animals of meat breeds of cattle, regardless of the organizational and legal form of economy, they annually check out the whole herd, except for young animals up to 6 months of age, fattening animals, oxen and castrati. Comparing the data obtained as a result of the experimental work, we decided to evaluate the milk productivity of cows.